



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 3 қазан

Ұлттық Банктің болжамы бойынша инфляция жыл қорытындысы бойынша 6-8% нысаналы дәліздің ішінде қалады - Д. Ақышев

2017 жылғы 9 айда инфляция 4,2%-ды құрады. Жылдық инфляция 7,1%-ға дейін төмендеді. Ал 2015 жылы ұлттық валюта құнсызданғаннан кейін 2016 жылдың ортасында ол 17,7% пайыз болды. Бұл туралы бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында баяндама жасаған кезде хабарлады.

Ол 2017 жылы теңге девальвациясын ішкі бағаға ауыстырудың іс жүзінде аяқталғанын және бүгінгі күні азық-түлік тауарлары және халыққа ақылы қызмет көрсетуде қалыпты өсу серпінінің байқалып отырғанын атап өтті.

«Ұлттық Банк жыл қорытындысы бойынша инфляция 6-8% дәлізде қалады деп күтеді. Бұдан басқа, Ұлттық Банк 2018 жылға инфляция бойынша нысаналы бағдар - 5 - 7% аралығын белгіледі. 2020 жылы Ұлттық Банк инфляцияның жылдық 4%-ға дейін баяулауын күтеді. Ақша-кредит саясатының инфляциялық таргеттеу режимі шеңберіндегі барлық шаралары осы мақсатқа жетуге бағытталған», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Ұлттық Банктің басшысы атап өткендей, Ұлттық Банктің базалық ставкасы 10,25% деңгейде белгіленді. Бұл деңгей бір жағынан банктердің бос ресурстарының экономиканың нақты секторына кетуін ынталандырады, ал екінші жағынан қаржы нарығының, бірінші кезекте валюта нарығының тұрақты болуын қамтамасыз етеді.

Д. Ақышев сондай-ақ Ұлттық Банктің маусымда, тамызда және қыркүйекте валюта нарығында шетел валютасын сату түрінде валюта нарығында нетто-интервенция жүргізгенін айтты. Бұл соңғы уақытта жоғары девальвациялық күту жағдайында валюта нарығының тұрақтануын қамтамасыз етті.

Данияр Ақышев ағымдағы макроэкономикалық ахуал жағдайында орын алып отырған тәуекелдер туралы айтып берді

ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Үкіметтің отырысында сөз сөйлей отырып, ағымдағы макроэкономикалық ахуал жағдайында орын алып отырған тәуекелдерді белгілеп берді.

Атап айтқанда, Ұлттық Банктің басшысы ақшалай ұсыныстың жетпеуі туралы жалпы тезиске қарамастан, инфляциялық қысым ынталандырушы фискалдық саясат нәтижесінде пайда болатынын атап өтті: «2016 жылы зейнетақы мен жәрдемақы 16%-ға, мемлекеттік бюджеттен жалақыға шығыстар 18%-ға өсті. Ал инфляция жыл қорытындысы бойынша 8,5% болды». Төраға «2016 жылы экономикадағы теңге көлемі, бұл барлық қолма-қол және қолма-қол емес теңге сомасы, 61%-ға, биыл тағы 6%-ға ұлғайғанын» атап өтті.

Д. Ақышевтың айтуынша, азық-түлікке жатпайтын тауарларға бағаның өсуі жалпы инфляцияның, басқа компоненттердің өсу қарқынынан озуда. Бұл девальвацияның кейінге қалдырылған әсерінің салдары болуы мүмкін. «Бөлшек тауар айналымының 6,3% өсуінің 3,5%-ы азық-түлікке жатпайтын салым есебінен қамтамасыз етілді. Азық-түлікке жатпайтын

бағаның өсу драйверінің бірі - тұтынушылық кредиттеудің өсуі. Жыл басынан бері банктерде тұтынушылық кредиттер бойынша берешек көлемі 11%-ға немесе 270 млрд. теңгеге өсті» деп атап өтті ол.

Ұлттық Банктің басшысы «импорт бағасының өсуі баға өсуінің бір себебі болып табылатынын» атап өтті. Мәселен, отандық тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруін көрсететін ІЖӨ дефляторы 1 жартыжылдықта 6,7% болды бұл тұтыну бағасы индексінің көрсеткішінен төмен (7,1%), оған импортталатын тауарларға бағаның өзгеруі кіреді.

«Импорт алмастыруды қалпына келтіру үшін елге көп уақыт керек екені анық. Ресейден импорттың 32% өсуі отандық тауар өндірушілердің жеткіліксіз бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп отыр» – деп толықтырды Төраға.

Д. Ақышев сондай-ақ халық пен кәсіпорындардың бағаның өсуіне қатысты күтулері инфляцияға себепші болып отыр, олар «тіпті объективті факторлар болмаса да инфляциялық күтулер бағаны жоғары көтере алады» – деп толықтырды.

Д. Ақышев: ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес инфляциялық күтулерді одан әрі «тұрақтандыруға» қол жеткізу маңызды

2017 жылғы тамызда инфляциялық күтулерді бір жыл бұрын сандық бағалау 6,5% болды. Осылайша, олар нақты инфляциядан төмен және 2018 жылға арналған нысаналы дәлізде қалыптасты. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев бүгін ҚР Үкіметінің отырысында сөз сөйлеген кезде хабарлады.

«Келесі жылы Ұлттық Банк нысаналы бағдарды кезең-кезеңімен төмендетуге көшеді. Осыған орай инфляциялық күтулерді одан әрі «тұрақтандыру» қажет. Ол ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді мақсаты – 2020 жылға қарай инфляция деңгейін 4%-ға жеткізуге сәйкес болуға тиіс», – деп атап өтті Ұлттық Банктің басшысы.

«Экономиканың құрылымдық ерекшеліктері, оның ішінде ұзақ пайдаланылатын тауарлар нарығының ауқымды болмауы, нарықтағы әлсіз бәсекелестік, саудада үстеме бағаның және делдалдардың болуы инфляцияның деңгейіне ықпал етуін жалғастыруда. Бұл жеміс, көкөніс өнімдерінің, жанар-жағар май материалдарының және басқалардың тауар нарығында байқалады. Осы бағытта барлық мемлекеттік органның өзара іс-қимылын үйлестіру қажет», – деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz